

"Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстau ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 157 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 183 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14023 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 90 бүйрығымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 15.04.2020 № 90 бүйрығымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының

### **14-2) тармақшасына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп ұстau ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 157 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10163 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 мамырдағы № 91 (27967) "Казахстанская правда" газетінде, 2015 жылғы 19 мамырдағы № 91 (28569) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстau қағидасын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстau қағидасы бекітілсін.";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп ұстau ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстau қағидасы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Осы Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстасау қағидасы тарих және мәдениет ескерткіштерін (бұдан әрі - ескерткіштер) қорғау мен күтіп-ұстасау тәртібін айқындайды.>";

2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізеді.

Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу ді тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану бойынша уәкілдегі органмен келіседі.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"

2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу дің басталғаны туралы хабарлама жібереді".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде төлнұсқасына толық сәйкес келетін оның графикалық форматтағы көшірмелерін "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрыққа қол қоюға уәкілдептілік берілген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған қағаз және электрондық түрде осы бұйрықтың көшірмелерін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін он күннің ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК